

«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы МКҚК

“Ұлттық теңге – мақтанышым!”

ойын-сауық

Өткізген тәрбиеші: Сарбасова А.А.

2025-2026 оқу жылы

Сценарий: «Ұлттық теңге – мақтанышым»

Мақсаты:

Мақсаты: Балаларға Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге туралы түсінік беру.

Тиындар мен банкноттардың түрлерімен таныстыру.

Ұлттық құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу.

Қатысушылар:

2 жастағы балалар (10–15 бала), тәрбиеші, көмекші педагог

Іс-шара барысы:

1. Кіріспе (2 минут)

- Тәрбиеші балаларды шеңберге отырғызып, былай дейді:
«Балалар, бүгін біз ерекше мерекені атап өтеміз – Ұлттық теңге күні! Теңге – біздің еліміздің ақшасы. Ол әдемі, түрлі түсті және бізге керек заттарды сатып алуға көмектеседі.»
- Балаларға үлкен көлемдегі теңге макеттерін көрсетеді (500, 1000, 2000 тг)

2. Тақпақ айту (2 минут)

Айя тақпақ оқиды:

Теңгем менің – байлығым,

Қазынам мен айбыным.

Қазақ елі – Отаным,

Теңгем – менің айбыным!

3. Ойындар бөлімі (10–15 минут)

Ойын 1: «Теңгені тап!»

- **Құралдар:** Жұмсақ ойыншық теңгелер (қағаздан немесе мата)
- **Мақсаты:** Түрлі түсті теңгелерді себетке салу
- **Өтуі:** Тәрбиеші «Кім көк теңгені табады?» деп сұрайды. Балалар іздеп, тауып, себетке салады

Ойын 2: «Теңгені бояймыз»

- **Құралдар:** Үлкен ақ параққа салынған теңге суреттері, балаға арналған бояу
- **Мақсаты:** Балалар теңге суретін саусақпен бояйды

Ойын 3: «Сатып аламыз!»

- **Құралдар:** Ойыншық дүкен, ойыншықтар, ойын теңгелер
- **Өтуі:** Балалар ойыншықты таңдап, тәрбиешіге «теңге» беріп, сатып алады

Ойын 4: «Теңгені іліп алу»

Мақсаты: Ойын барысында теңгені іліп алу арқылы балалардың қимыл-қозғалысын, ептілігін жетілдіру.

Ойын 5: «Құрастру»

Мақсаты: Қатысушылардың теңгені ұлттық құндылық ретінде бағалауын арттыру.

Ойын 5: «Асықтар»

4. Қорытынды бөлім (2–3 минут)

- Балалармен бірге «Теңге – біздің мақтанышымыз!» деп ұран айту







